

Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1998 жылғы 18 мамырдағы N 3956

Күрделі эпидемиологиялық жағдайды еңсеру, дәрігерлік қызмет көрсету сапасын түбірімен жақсарту, көрсетілетін қызметтер көлемін ұлғайту және азаматтардың денсаулығын сақтауға конституциялық құқықтарын іске асыру мақсатында қаулы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері: R 9 8 0 0 9 7

1) бес жасқа дейінгі балалардың жаппай иммунитетін нығайтуға дереу кірісетін б о л с ы н ;

2) жаңа туған сәбилерге Б вирустық гепатитіне қарсы вакцина егу бағдарламасын іске асыруға, ал дерттену мейлінше көп тараған аймақтарда - балаларға А вирустық гепатитіне қарсы вакцина егуге кіріссін;

3) 1998 жыл ішінде туберкулезге шалдыққан науқастарды Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған әдістеме бойынша емдеу бағдарламасын енгізісін;

4) жаңа туған сәбилердің жыл сайын иммунитетін нығайтумен толық қамтылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

5) осы мақсаттарға арнап қажетті қаражат бөлінуін көздейтін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен 1998 жылғы 1 шілдеге дейін:

1) өнеркәсіп орындарының атмосфера мен суға тасталатын қалдықтарының жол берілетін деңгейіне қойылатын талаптарды қатайтуды;

2) халықты ауыз сумен жабдықтаудың дәйекті түрде жақсартылуын;

3) қоршаған орта мен азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі жұмыстарды үйлестірудің ж е т і л д і р і л у і н ;

4) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған туберкулезді емдеу стратегиясының енгізілуі мен іске асырылуын;

5) бес жасқа дейінгі балалардың міндетті түрде иммунитетін нығайтуды, оның ішінде жаңа туған сәбилерге Б гепатитіне қарсы жаппай вакцина егуді;

6) ана мен баланың денсаулығын қорғау жөніндегі қосымша шаралар кешенін;

7) бөбектерді алты айға дейін тек емшек сүтімен ғана қоректендіруге ы н т а л а н д ы р у д ы ;

8) өмір салтын сауықтыруға бағытталған ағарту жұмысын күшейтуді;

- 9) бастапқы дәрігерлік-санитарлық көмек сапасын жақсартуды;
10) аймақтық клиникалық оқу орталықтары желісін құруды;
11) емдеудің стационарлық принципінен амбулаторлық принциптеріне
к е з е ң - к е з е ң м е н к ө ш у д і ;
12) емдеу-профилактикалық мекемелерінде, айрықша босануға жәрдем беру
мекемелерінде асептика мен антисептика шараларының бұлжымай сақталуын;
13) мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемелерін қазіргі заманғы жабдықпен
қ а м т а м а с ы з е т у д і ;
14) дәрігерлік білім беру, кадрларды, соның ішінде әкімшілік кадрларын даярлау
және қайта даярлау жүйесін жақсартуды;
15) денсаулық сақтау саласында ғылыми зерттеулер көлемін ұлғайту мен оның
с а п а с ы н а р т т ы р у д ы ;
16) халық арасында профилактикалық жұмысты күшейтуді; P092295
17) денсаулық сақтау ісін басқару жүйесін жетілдіруді;
18) бәсекелес жекеше сектор құру, әлеуметтік сақтандыру қорын қайта құру,
міндетті және ерікті медициналық сақтандырудың жеке нысандарына кезең-кезеңмен
көшу жолымен денсаулық сақтау ісінде экономикалық қатынастар жүйесін
реформалауды көздейтін "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп,
Президенттің бекітуіне енгізетін болсын. P981387

3. Осы Жарлықтың атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті